

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 20 қыркүйектегі
№ 469 бұйрығына 101-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 541 - қосымша

О
р
үлгілік оқу бағдарламасы
а
ш
- тарау. Жалпы ережелер

1. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-9 сыныптары үшін «Әлеуметтік – тұрмыстық бағдарлау» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. «Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау» (бұдан әрі - ӘТБ) пәнінің мақсаты білім алушылардың қоршаған ортада, тұрмыста, адамдармен қарым-қатынасқа түсуде тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру; адамның тұрмыстағы әрекетінің тәсілдерін, тұрмыстық еңбектік процестерді меңгерту.

3. Міндеттері:

1) білім алушылардың тұрмыстық еңбектік дағдыларын қалыптастыру: жеке гигиеналық, тағам қабылдауды ұйымдастыру, үй- жай, киім, аяқ киім күтімі;

2) экономикалық-тұрмыстық дағдысын қалыптастыру (қоршаған заттарға, өз киіміне, аяқ киіміне, азық-түлікке және тағам әзірлеуге, электрлік құралдарға, суға ұқыптылықпен қарау);

3) білім алушыларды әртүрлі кәсіпорындар мен мекемелерде бағдарлауға (сауда, тұрмыстық қызмет, байланыс, мәдениет, медициналық көмек), ондағы қызмет түрлерін пайдалана білудің қарапайым дағдыларын үйрету;

4) әлеуметтік көлік қызметін пайдалану дағдыларын қалыптастыру;

5) білім алушыларға адамдармен (таныстарымен, бөгде адамдармен, үлкендермен және кішілермен, серіктестерімен) қарым-қатынасқа түсу мәдениетін меңгерту, қарапайым тұрмыстық қарым-қатынасты қалыптастыру;

6) білім алушылардың танымдық дағдыларының кемшіліктерін түзету;

7) психикалық – физикалық кемшіліктерін түзетуге, сөздік қордың

і

м

а

л

көркеюі мен жүйеленуіне, ауызша сөздің дамуына жағдай жасау.

2 - тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

4. «ӘТБ» пәні бойынша оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдерінің жүзеге асырылуы білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған арнайы педагогикалық қағидаларға негізделген:

1) әр білім алушының көз-қарасын ескеру және ары –қарай дамуына ықпал ету үшін, бар білімін пайдалану маңыздылығын түсіну және қабылдау;

2) ұқыптылықпен іріктелген тапсырмалар мен іс-әрекет түрлерінің көмегімен ынталандыра және дамыта оқыту;

3) білім беруді «оқыту үшін бағалау» арқылы қолдау;

4) шығармашылық ортаны жасау мақсатында әртүрлі әдістермен саралап оқыту;

5) пәнаралық байланысты дамыту және қолдау.

5. Орташа ақыл - ой кемістігі бар білім алушылардың оқу процесін ұйымдастыруда педагогикалық тәсілдердің негіздерінде «қалыптылық» педагогикалық концепциясы жатыр, бұл айқын ақыл-ой бұзылысы бар тұлғалардың өмірлерін ұйымдастыру идеясының негізін қалау бүкіл әлемде қабылданған. Осы концепцияға сәйкес түзетушілік-педагогикалық шаралардың барлық жүйесін жобалауда білім алушылар жалғыз және негізгі бағдар болып табылады.

6. Жоспарланған педагогикалық шаралар білім алушылармен тікелей жұмысты, қоршаған ортаны түрлендіруді, әр білім алушының өз әрекетін ынталандыруға жағдай жасауды өз есебіне алады.

7. «Қалыптылық» концепциясының негізінде, орташа ақыл-ой кемшілігі бар білім алушыларды арнайы мектеп жағдайында оқыту және тәрбиелеуді ұйымдастыру процесінің қағидалары құрылды:

1) білім алушыларды өзіндік даму қарқынымен дамуына құқылы екенін мойындау қағидасы әркімнің бірегей ерекшеліктерін сақтап қалуға мүмкіндік береді. Бұл қағиданы орындау жеке оқыту бағдарламасының мазмұнын анықтау мақсатында балалардың дамуы мен мүмкіндіктерін әрдайым зерделеп отыруды қажет етеді. Қандай да дамудағы өзгерістерді оқытудағы жақсы нәтижеге балау;

2) педагогтың өз бетімен мазмұнды, әдісті, түр, дидактикалық құралдарды білім алушылардың жекелей мүмкіндіктерін, білімдерін және тұлғалық жетістіктерінің мониторингін таңдау қағидасы;

3) білім алушылардың заттық және әлеуметтік дағдыларын дамытуда тиісті мектептік ортаны жасау қағидасы:

білімдері мен дағдыларын өздері қолданатын жағдайға мүмкіндігінше жақын қалыптастыру. Бұл білімдері мен дағдыларын жаңа жағдайларда қолдану қиындық тудырумен байланысты;

кеңістікті, әртүрлі өмірлік жағдайлардың көрінісіне, заттық орта мезгілімен білім алушылардың қажеттіліктеріне қарай өзгеріп отырады;

жайлы әлеуметтік-тұрмыстық және заттық-дамытушылық орта мектепте орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жасын және физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып құрылады (демалуға, қимылдық белсенділікке, тазалық процедурасына арналған кеңістіктерді орнықтыру);

4) мектептегі білім алушылардың күнделікті әрекеттерінің кешенді сипатының қағидасы. Оқу жоспарының бірнеше пәндік салаларының интеграциялық мазмұнын қабылдатады, бұл мектепте оқу кезеңінде пәнсіз оқыту идеясын іске асырады. Сабақтар Бағдарламаның мазмұнын қолдана отырып, білім алушылардың жалпы дамуына бағытталған (қарым-қатынастық, қимылдық, сөйлеу тілдік, сенсорлық). Білім алушылардың жетістіктері мен жеке дамуының өзгерісіне қарай, пәндік оқытуға ауысу жүзеге асырылады. Пәнсіз оқытылу толассыз тақырыптық жоспар арқылы жүзеге асады;

5) ойдың, сөйлеу тілі мен қарым-қатынастың даму қағидасы әлеуметтену құралы ретінде қолданылады. Білім алушылардың сөйлеу тілінде, ой-өрісінде, қарым-қатынасқа түсуінде өздеріне тін проблемалары бар, олар педагогикалық әдістермен толықтырылады. Сөз түсінігін толықтыруды, сөзбен және сөзсіз тілдесу құралдарын қалыптастыру, көрнекі-қимылды ойлауын дамыту жұмыстары бірізділікпен жүйеленеді;

б) оқыту-тәрбиелеу процесіндегі әлеуметтік бағыт қағидасы. Оқыту және тәрбиелеу ортасы шарасыз шектелгендіктен, барынша білім алушылардың ерекшелігіне қарай бейімделгендіктен, сонымен қатар қалыпты дамып келе жатқан серіктестерімен араласуға мүмкіндік бермейтіндіктен, баланы күрделі әлеуметтік ортаға қосатын әлеуметтендіру шараларын жүргізу талап етіледі:

кезең-кезеңмен және біртіндеп білім алушының мүмкіндігіне сай өмірлік тәжірибесін және әлеуметтік қарым-қатынасын дамыту;

қоғамға жанын жараламай енгізу үшін, төзімді және қолайлы орта құру.

8. Оқыту процесінде мазмұны ғана емесе, сонымен қатар ұйымдастыру жағынан да қатаң ереже сақталмаған. Ұжымдық оқыту жағдайында танымдық қызығушылықтың төмен; топтық жұмыста пайдаланылатын ынталандырғыштарға селсоқтық дәстүрлі академиялық сабақ құрамының тиімділігі төмен көрсеткішке әкеліп соғады.

9. Білім алушылар сабақты ұйымдастыруға мұқтаж: олар әрекеттің түрін өздері қалағанда өзгерте алады, жеке тапсырманы орындауға және мұғалімнің жекелей көмегін алуға мүмкіндік ала алады. Сабақ барысында сынып бөлмесінде еркін орын ауыстыра алады.

10. Арнайы қағидаға сай негізделген педагогикалық шаралар, білім алушылардың өзіндік белсенділігіне, олардың өз бетімен жұмыс істей білуіне және ынталарына қарай бейімделген.

11. Білім алушылардың сабақта белсенділігі мен дербес дамуы көрініс табатын негізгі әрекет түрлері:

1) тірі және өлі табиғатты және әлеуметтік өмірдің құбылысын бақылау;

- 2) заттық-тәжірибелік әрекет;
- 3) ойын әрекеті және ойын қызметі;
- 4) ұрмыстық-еңбектік қызмет;
- 5) әлеуметтік-тұрмыстық қызмет.

12. Оқыту-тәрбиелеу процесі оқу кезеңі бойы заттық әрекетті қолдануға құрылады.

13. Көрнекі-тәжірибелік әдісін білім алушылардың тәжірибелік әрекетінің көрнекі оқыту әдісі толықтырады. Мұғалім нақты жаттығулар түрін, сыныпта өткізу орны мен тәсілдерін мұқият ойластырады. Бір сынып білім алушыларының танымдық мүмкіндіктеріне қарай, оқыту барынша жеке түрде болады.

14. Диактикалық ойындар қолданылады. Ойын жүргізу барысында белгілі бір қарқындылық сақталады, ойын жаттығуларына шектен тыс сұрақтар кіріктірілмейді.

15. Жеке және топтық сабақтар тиісті көрнекі құралдармен және үлестірмелі заттық құралдармен қамтамасыз етіледі.

16. Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау білім алушыларды сабақ барысымен ғана шектелмей, ары-қарай тәрбие шараларында қисынды жалғастыруды талап етеді. Мұғалім мен тәрбиешінің кешенді үйлесімді жұмыстары жағымды нәтижеге жетуге мүмкіндік береді.

17. «ӘТБ» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5- сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;
- 2) 6-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;
- 3) 7-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;
- 4) 8-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;
- 5) 9-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат.

18. 5-сыныпқа арналған «ӘТБ» оқу пәнінің базалық мазмұны:

Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау және денсаулық сақтау пәнінің мазмұнының құрылу тәртібі ережесін, дене мүшесін білу және атау. Жеке заттарының таза және жинақы ұстауы, беторамалды пайдалану. Таңертеңгілік және кешкілік жуыну шараларының бірізділігі, тіс күтімі. Тіс тазалаудағы әрекеттердің тәсілі мен орныдалу реттілігі; тамақты шайқау; қол және аяқ күтімі. Қол мен аяқ жуудағы әрекеттердің орындалу реттілігі; шаш күтімі. Тарақты пайдалану ережесі. Айна алдында шаш тарау; таңғы және кешкі жуыну. Ұқыптылық дағдысы;

2) киім, аяқ киім. Киім, аяқ киім, бас киім түрлері. Киім, бас киім түрлерін маусымға сай қолдану. Киім және аяқ киім атауларын білу: көшеге, мектепке, үйде киетін түрлерін. Киім мен аяқ киімді маусым бойынша ауыстыру; киімнің қызметіне қарай ажырату және сәйкестендіру; сыртқы киім: пальто, күрте; қыздырға арналған киім (көйлек, кеудеше, белдемше) және ұл балалардың

киімдері. Киімдерді ауыстыру уақыты. Жуылғанға дейін киімдерді сақтау. Жуу кезінде сабынды пайдалану ережелері. Киім жууды ыдысты қолдану. Шұлық өнімдерін күті ережелері. Ұсақ киімдерді жуу және кептіру әдістері; беторамал, жаға, шұлық; киімді шайқау ережесі, киімді қолмен жуудағы әрекеттің орныдалу реттілігі. Ылғалды аяқ киімді кептіру. Күнделікті өз киімін қағу және щеткамен тазалау. Өз киіміне ұқыптылықпен қарау ережесі; киімін күту: құрғақ щеткамен тазалау, сақтау (сөреде, ілгіште). Аяқ киім түрлері (туфли, бөтеңке, шәрке, етік), оларды пайдалану, аяқ киімін күтімі (ылғалды шүберекпен сүрту, щеткамен тазалау);

3) тамақтану. Азық-түлік өнімдері және олардың адам денсаулығына маңызы: өсімдік және жануар етінен тағам, азық түлік өнімдері нан, ет, көкөніс, жеміс. Көкөністің сырт пошымы, атаулары: қызанақ, қияр. Пайдалануға таңдау және дайындау. Жемістер: алма, алмұрт, жүзім, қара өрік, шие. Пайдалануға таңдау және дайындау (жуу, сүйектерінен тазарту). Ас үй мен ыдыстар жайында түсінігін қалыптастыру, ас үйді тазалық пен реттілікті сақтау. Ас бөлме ыдыстарын жуу: қазанды, шәйнекті, табаны. Ыдыстардың атауларын, жылыту құралдарын пайдалану ережелерін білу, тағам дайындауда қауіпсіздік шараларын сақтау. Тағам дайындауда санитарлық және гигиеналық талаптарды орындау. Тамақтану ережесі: таңғы ас, түскі ас, түстен кейінгі ас, кешкі ас. Тағам дайындауда гигиеналық талап, піскен көкөністерден салат жасау, тез дайындалатын консерванттардан тағам дайындау. Ас құралдарын ұолдану ережелері. Шай дастарханын әзірлеу. Шайға дастархан әзірлеу ережесі, әр құралды үстелге орналастыру. Ыдысты жинау, ыстық суда жуу. Шай ыдыстарын кептіру, жинау және сақтау. Мектеп асханасында дастархан жаю. Түскі асқа дастархан дайындау, құралдарды үстелде орналастыру ережелері. Тамақтану кезінде және әр құралды қызметіне сай қолдану. Тамақтанып болғаннан соң кір ыдысты жиыстыру;

4) тұрғын үй. Тұрғын үй түрлері: жатахана, пәтер, жеке үй. Пәтерде тұру ережесі. Үй жинау: күнделікті, кезеңмен, толық тазалау. Кәдімгі, жұмсақ, өңделген жиһаз. Жиһазға күтім жасау: әр жерден шаңдарын сүрту, гүлге су құю. Тұрғын үйді қысқы мезгілге дайындауға болысу. Ауланы қыс мезгілінде тазалау. Тұрғын үйді толық тазалауға қатысу. Жиһазды тазалау;

5) көлік. Көлік түрлері, қоғамдық және жеке көлік қызметі. Қоғамдық көлікте жолаушының жүру ережелері: көлікке отыру және шығу ережелері. Қоғамдық көлікте еңбек ететін адамдардың жұмысын білу. Көлікте, жолда, көшеде жүру ережелері. Қоғамдық көлікте жүру ерекшеліктерін сақтау (отыру, билет алу, көлік ішінде және далаға шығу). Қарапайым жол жүру және жаяу жүргіншілер ережелері. Бағдаршам, жолдың арғы бетіне өту. Үйден мектепке және кері жолды меңгеру. Жаяу жүргінші жолы, мектепке бару жолы (жол сызбасы, көлік түрі). Қалада жүру жол сызбасы: мекен жайын білу.

6) отбасы. Өз есімін және жасын білу және атау. Өз мекен жайын білу. Отбасы мүшелері: әкес, ана, әже, ата, аға-інісі, әпке-қарындас, сінлі. Тегін, әкесі мен анасының есімдерін білу. Жақын туысқандарының есімдерін білу (әже, ата,

аға-інісі, әпке-қарындас, сіңлісін), туыстық қатынасын білу. Отбасының үлкендеріне сыйласымдылықпен қарау. Үлкендермен және серіктестерімен амандасқанда, қоштасқанда тілдесу ым-ишаратын немесе сөзді қолдану. Үлкендерден және серіктестерінен көмек сұрай білу.

19. 6-сыныпқа арналған «ӘТБ» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) денсаулық. Дене гигиенасы. Жеке басының гигиенасының ережелері. Таңғы және кешкі жуыну. Ұқыптылық дағдылары. Тіс пен тілге күтім жасау ережелері. Тілді тазалау ережесі, тіл тазалау ірекетін ретімен орындау. Әр тамақтанғаннан соң, ауызды шаю. Қол мен аяққа күтім жасау ережелері. Қол жуу және қолдың тырнағын алу, тырнақты кезеңімен алу. Құлаққа күтім жасау. Құлаққа күтім жасауды кезеңімен орындау; беторамалды қолдану; қол мен аяқтың тырнағын алу, құлақ жуу. Шаш күтімі ережелері (жуу, тарану). Шашты күту құралдары (тарак, щетка, сабын, сусабын);

2) киім, аяқ киім. Киім, аяқ киім, бас киім түрлерін маусым бойынша пайдалану. Киімге күтім жасау, жеке киімін ұқыпты ұстау. Шкафқа ілу, сөреге бүктеп жинау; түріне қарай топтастыру (жейделер, шолақ балақты шалбар, шалбар, көйлек); маусым арасында киімді шкафта сақтауға дайындау. Аяқ киімге күтім, келесі маусымға дейін аяқ киімді сақтау. Киізден және матадан жасалған аяқ киімді тазалау. Аяқ киімді қажеттілігіне қарай таңдау, кремді түсіне қарай таңдап, былғарыдан жасалған аяқ киімді тазалау, резинадан және матадан жасалған аяқ киімге күтім жасау, екі тесігі бар түймені тігу;

3) тамақтану. Азық- түлік өнімі. Тамақтану уақыты. Қалыпты және тамақтану уақыты. денсаулықты сақтау мен нығайтуда дұрыс тамақтанудың маңызы, балаларға арналған мекемелерінде дұрыс тамақтандыруды ұйымдастыратын мамандар, тез бұзылатын азық-түліктер атауларын білу (ет, сүт, шұжық, балық, ірімшік, май), оларды қолдану ережелері. Сусындарды суыту. Ас үйдің және асхананың ыдысы, техникасы. Тоңазытқышта азық-түлік өнімдерін сақтау ережелері. Тоңазытқышты таза ұстау ережелері: азық-түлікті тоңазытқыш сөрелеріне орналастыру, тоңазытқышты тазалау және жуу. Тағам дайындауда электрлік пешті қолдану ережесі. Газ пеші мен электрлік құралдарды пайдалануда қауіпсіздік ережесін сақтау. Жұмыртқа мен шұжықты алғашқы және термоөңдеуде реттілік: жұмыртқа мен шұжықты пісіру. Бутербродтарды дайындау реттілігі. Бутербродтарды маймен, шұжықпен және ірімшікпен дайындау. Таңғы, түскі, кешкі тағам атауларын, тиісті азық-түліктердің атауларын білу. Бутербродтарды дайындауда пышақты қауіпсіз қолдану. Көкөніс пен жемісті тағам дайындауға даярлау: сұрыптау, жуу және сақтау. Түскі асқа дастархан дайындау ережелері, құралдарды орналастыру. Тамақтану кезінде, қойылған құралдарды дұрыс қолдану. Шәйға дастархан әзірлеу, адам санына қарай құрал санын сәйкестендіру, таңғы асқа шәй қайнату, шайды дұрыс, дыбыссыз ішу, тамақтану кезінде қарапайым тамақтану мәдениетін сақтау; шәй мен асхана ыдыстарын жуу және сүрту, ыстық суға жуу, таза суда шайқау. Ыдысты кептіру әдісі;

4) тұрғын үй. Тұрғын үй түрлері. Пәтер немесе үйдің кеңістіктерін атауларын, қажетін білу. Тұрғын үйлердің қаладағы және ауылдағы құрылыс нысандарының ерекшеліктері, пәтер мен үйдегі бөлме атаулары. Жеке және көпбөлмелі пәтердің айырмашылығы; қала және ауыл адамдарының тұрғын үй айырмашылықтары; ауылдық жердегі ауладағы құрылыс нысандарының қолдану ерекшеліктері; әр бөлмені қыәметіне қарай сипаттау. Бөлмені орналастыру. Құрылыспен айналысатын мамандықтың атауы. Тұрғын үйді жинау ерекшеліктері мен реттілігінің екі әдісі (қолмен, швабрамен), швабраны қолдану. Еденді қолмен немесе швабрамен жуу, швабраны шүперегімен аудару, екі әдіспен жуу («бір жақтан екінші жаққа қарай», «алға-артқа қарай»). Еден бөлігі (беті, ернеуі, табалдырық); ернеуінің, табалдырықтың, бұрыштардың ерекшелігі. Тұрғын үйдің күнделікті жинау ережесі. Еденді сыпыру, орындықтан, үстелдерден, терезе жақтауларынан шаңды сүртіп алу;

5) көлік. Көлік түрлері. Қалалық көлік түрлері (автобус, троллейбус, трамвай, метро). Арнайы көліктерді сырт пошымына қарай ажырату; жолда кездесетін белгілер. Қоғамдық көлікті пайдалану ережесі. Көлікте және жолда жүру ережесі. Көліктен түскеннен соң, көшені кесіп өту, көлікті (трамвайды, троллейбусты, автобусты) айналып өту ережесі. Көлікке отыру, түсу, жүру ережесі. Жолдағы болған төтенше жағдай себептері, авариялық жағдайда өзін ұстау ережесі. Төтенше жағдайда полицияның, дәрігердің, өрт сөндірушінің атқаратын міндеттері, жолды белгіленген жерде, бағыт бойынша кесіп өту. Қала бойынша жол жүру бағыты. Мектепке баратын жол (бағыт, көлік түрі), тұратын жеріне, мекен жайына. Мектепке барар жолдағы көлік аялдамалары. Үйден мектепке және басқа да, тұрғылықты жерлерге бару үшін қауіпсіз бағыт құру;

6) отбасы. Отбасы құрамы. Өз тегін, есімін, әкесінің атын, туыстарының есімдерін, туыстық қатынастарын білу. Отбасылық қарым-қатынас. Үй шаруасында ата-анасына көмек көрсету: отбасы мүшелерінің еңбегін бағалау; отбасы мүшелерінің туған күндерін тойлау. Сыйлық дайындау (жапсырма, сурет салу).

20. 7-сыныпқа арналған «ӘТБ» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) денсаулық. Дене гигиенасы. Ережелер: шаш күтімі, шаш жуу, шаш күтіміне арналған құралдар (сабын, сусабын); жеке тән гигиенасы, крем, ласьон, дезодорант қолдану; душ, ванна қабылдаудың кезеңдерін білу. Ішкіімді жуу, қолмен жуу ережесі. Киімді кептіру мақсатында ілу әдістері. Дәріхананың қызметі. Жақын арада орналасқан дәріхана; дәріхананың орналасқа жері, дәрілік құралдарды алудың реттілігі. Дәріханашымен диалог құра білу;

2) киім, аяқ киім. Киім түрлері, олардың үйдегі жіне сыртқа кию маңызы. Киімнің, аяқ киімнің, бас киімнің денсаулықты сақтау үшін пайдалану маңызы. Қолға және аяққа арналған киімдер: қолғап, шұлық. Оларды сақтау. Аяқ киім түрлері, олардың қызметі. Киім мен аяқ киімді тазалықта ұстау. Резинадан, былғарыдан, матадан жасалған аяқ киімге күтім жасау. Былғары аяқ киімді тазалау. Аяқ киім тазалайтын құралдарды сақтау. Бас киім түрлері, олардың атаулары, маусымға байланысты таңдау, оларды сақтау және күту ережелері.

Сұрыптау, жуу ережесі. Ұсақ киімдерді жуу (шұлық, ішкіім, алжапқыш, орамал). Мақтадан тігілген түсті және ақ түсті киімді шайқау және кептіру әдістері. Үтікпен жұмыс жасаудағы қауіпсіздік ережелері, ақ және түсті киімдерді үтіктеу. Мақтадан жасалған кішігірім киімдерді үтіктеу. Мақтадан жасалған ақ және түсті киімдерді жуу, шайқау; пилотканы, орамалды, алжапқышты, шынтыққапты, беторамалдарды үтіктеу; төрт тесікті түймені тігу;

3) тамақтану. Азық-түлік өнімдері: жарма түрлері. Сусымалы өнімдерді ұзақ уақытқа сақтау мерзіміне қарай сақтау ережесі; көкөністерді қоймада, жертөледе сақтау ережесі. Таңдалған мәзірге қарай, кешкі асқа дастархан жасау. Асханада тазалық пен реттілікті сақтау. Ас үй ыдысы. Ас үй ыдысын жуу: қазан, шәйнек, таба. Асхана ыдысы. Жылыту құралдары және оларды пайдалану қауіпсіздігі. Тағам дайындауда қауіпсіздік шаралары. Картопты қабығымен пісіру, қабығын тазалау, сапалы кортопты пюрени дайындау; пюрени дайындау технологиясы бойынша дайындау. Мокорон өнімдеріннен тағам дайындау, қарақұмықтан, тарыдан ботқа әзірлеу; жасалған жұмысқа есеп беру; дастархан басындағы мәдениет, кеспені қайнату реті; мокорон өнімдерін алғашқы және термоөңдеуден өткізу ережесі. Тағам әзірлеуде санитарлық-гигиеналық талаптар мен қауіпсіздік шараларын сақтау, қайнақ сумен, тұрмыстық техниканы қауіпсіз пайдалану;

4) тұрғын үй. Тұрғын үй түрлері. Киізүйдің құрылысының ерекшелігін (дөңгеленген, тез жиналатын, жеңіл, жылы, көшуге ыңғайлы); жатын бөлменің маңызы, жатын бөлмедегі жиһаз; пәтер мен үйдегі бөлмелердің маңызы мен атауларын білу, жиһаз және оның қолданылуы (орындық, үстел, диван, шкаф, төсек); жатын бөлмені жинау реттілігі; төсек жабындыларын ауыстыру реттілігі, кептіру маңызы, төсек жабдықтарын желдету және қағып-сілку, тұрғын үйді толық тазалау реті; жиһазға жабындысына қарай күтум жасау (жұмсақ жабынды, жылтыр, лак). Тұрғын үйді жинау. Күнделікті сыныпты тазалау. Сыныптағы өсімдіктерге күтім жасау (су құю). Жатын бөлмеге құрғақ және ылғалды тазалық жүргізу; төсек жабдықтарын ауыстыру (өзбетімен, мұғалім көмегімен); жастық, көрпе, матрас қағу (балалардың жеке мүмкіндіктеріне қарай); белгілі бір реттілікпен толық тазалауды жүргізу;

5) көлік. Көлік құралдарының түрлері. Автобекеттің маңызы; қала сыртына жүретін негізгі көліктер, автобекеттегі қосымша қызметтер; жолаушыларға қызмет ететін адамдардың еңбегі; автобустардың жүру кестесінің маңызы: анықтама қызметі; кассадан билет алу ережесі; халықаралық автокөлік маңызы; қалааралық автобустардың негізгі бағыттары; жүк сақтау қоймасының маңызы мен оны пайдалану ережесі, қаласыртына және қалааралық қатынайтын автобустарға отыру ережесі; жүк және қол сөмкелерін жинау ерекшеліктері. Көлікте және жолда жүру ережелері; автобекет ғимаратында бағдарлау ережесі: автобустардың жүру уақытын, анықтаманың қызметін пайдалану, автобекеттің басқа да қызметтерін пайдалану. Биле сатып алу; жүкті және қол сөмкесін жинау; жүк қоймасын пайдалану. Қала бойынша бағыттарды білу. Жол жүру ережесі: жолды кесіп өтуде бағдаршамның тұсындағы «өту

жолы» белгісі бар жермен өту; мектепке бару (бағыты, көлік түрі). Жалпы теміржол және әуе көліктері жайлы түсінігі (пойыз, ұшақ, теміржолды, автокөлікті, әуе, суда жүретін). Жол жүру ережесінің жалпы көрінісі;

б) отбасы. Отбасы мүшелері. Тегін, есімін, әкесінің атын, жақын туыстарының есімдерін, туыстық қатынасын, туған күндерін білу. Отбасылық қарым-қатынас. Үйдегі өз міндетін атқару, отбасы мүшелеріне қамқорлық көрсету, тұрмысқа байланысты қарапайым тілектерін орындау.

21. 8-сыныпқа арналған «ӘТБ» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) денсаулық. Дене гигиенасы. Денсаулықты сақтауда және нығайтуда дене шынықтырудың және спорттың маңызы, табиғи күштердің пайдасы жайлы (күн, ауа және судың); біртіндеушілік пен жүйелілік қағидасы; жеке гигиена ережесі. Білімдерін қайталау мен бекіту: тұмау ауруларында мұрын гигиенасы; ауыз қуысының гигиенасы. Тіс, ауыз қуысының және иек еттерінің ауруларының алдын алу шаралары. Ауырып қалған жағдайда тамақты шаю; қол және аяқ тырнақтарына күтім. Кезеңімен тырнақтарды алу; тұмау тию ауруларының алдын алу. Шынығу. Тұмау болған жағдайда ауызға қап киіп, беторамалды қолдану. Медициналық көмек. Емхананың маңызы, дәрігерге жазылу реті, үй дәрі қобдишасының құрамы (термометр, таңу құралдары, дезинфекция құралдары); адам ыстығын тексеру үшін термометрді қолдану ережесі; жараларды залалсыздандыру ережелері, кезекші дәрігерді, «жедел жәрдемді» үйге шақыру тәртібі; дәрігер қабылдауына жазылу; дәрігерді, «жедел жәрдемді» үйге шақыруда телефонды пайдалану, кезекші дәрігерді шақыруда өзі жайлы және ауруы жайлы мағлұмат беру;

2) киім, аяқ киім. Киім, аяқ киім, бас киім түрлері. Киім базары мен дүкендерде аяқ киімді таңдау ерекшелігі; аяқ киімінің өлшемін жеңіл өлшеммен немесе есептеу арқылы білу; дүкенде немесе базарда сатып алу жағдайында мүмкін болатын аяқ киім ақауларын білу; дұрыс аяқ киімді таңдау мен сатып алу. Киім мен аяқ киімге күтім жасау. Киімді жинақы ұстау. Түсіп қалған түйменің орнын таба білу, түймені тігу. Киім-кешекті өңдеуге дайындау. Киімді жыртылған немесе сөгілгеніне қарай өңдеу. Киімнің матасын, түсіне, қалыңдығына қарай жіп таңдау. Матаны жыртығының бойымен бүктеп, қолмен тігу. Сөгілген жерді жиі тігіспен тігу. Жамау салу. Үтіктеу. Сөгілген матаны тігуді картадағы нұсқау бойынша ретімен орындау; үй жағдайында жүннен және синтетикадан жасалған киімдерді жуу ережесін білу, этикеткадағы мәліметті қолдану, киімнің этикеткасындағы шартты белгілер; кеудешені, көйлекті, шалбарды үтіктеу ережесі. Жүннен және синтетикадан жасалған киімдерді жуу ерекшелігі, жүннен және синтетикадан жасалған киімдерді кептіру және үтіктеу, көйлекті, шалбарды үтіктеу реттілігі, киімдегі жыртықты тігу; аяғы бар түймені тігу;

3) тамақтану. Тамақ әзірлеу гигиенасы. Балалар мен жасөспірімдердің тамақтануында сүт өнімдерінің маңызы; сүт өнімдерін тоңазытқышта сақтау уақыты мен ережесі, «геркулес» ботқасын және сүттен көже жасау реттілігі; сүт түрлері (құрғақ, концентратталған, қоюландырылғын); ұнтақ сүттен сүт

дайындаудың реті, сүтті қайнату. Ыдыстар мен ас құралдарына күтім жасау ережесі. Дастархан әзірлеу және астан соң ыдыс жуу. Турауға, кесуге арналған құралдармен және газ пешін ас даярлауда қолдануда қауіпсіздік ережелерін қолдану. Бұрын меңгерген дағдыларын бекіту. Шанышқы мен пышақты қолдану ережесі. дастархан басындағы мәдениет, өзін ұстау әдебі. Ұнтақтан сүт жаса, сүтті қайнатып, сүтке ас дайындау; «геркулес» ботқасын, сүтті көже дайындау, ірімшіктен және сүзбеден пісірме жасау;

4) тұрғын үй. Тұрғын үй түрлері. Киімдер мен күнделікті қолданылатын заттарды киізүйде сақтау ерекшелігі; қонақ бөлмесінің маңызы; қонақ бөлмесінде жиһаздардың орналасу реті. Үйді жинау. Қонақ бөлмесін құрғақ және ылғалдап тазалау. Кілемдер мен кілемді жабдықтар. Оларға күтім жасау ерекшеліктері. Шаңсорғыш. Шаңсорғыштың жалпы құрылымы жайлы. Қауіпсіздік ережесі. Шаңсорғышты пайдалану ережесі, пайдалану: жұмысқа дайындау, еденді, кілемді, батарейлерді шаңсорғыштың көмегімен тазалау; тұрғын үйді қысқа дайындауда маусымдық тазалау реті; маусымдық тазартуды қолданып, пәтерді қысқа дайындау; терезелерге күтім жасау түрлері: терезе жуғанда пайдаланатын құралдар; терезе жуу; жууға арналған сұйықтықтармен терезе жуу, терезе жууда қауіпсіздік ережелерін сақтау, техникалық қауіпсіздікті сақтау, терезені жылылау;

5) көлік. Көлік құралдарының түрлері. Вокзал мен ондағы қызметтің маңызы (анықтама, кесте, билет кассалары). Жоларшулар вагондарының түрлерінің атаулары және билет құнына сәйкестігі. Темір жол жолаушыларына қызмет ететін адамдардың қызметі. Пойыздың жүру кестесінің маңыздылығы; анықтама қызметі; теміржол билетін алу ережесі (кассадан алу, телефон арқылы тапсырыс беру); қайтарымды алу және жүк сақтау қомасынан жүкті алу; жүк және қол сөмкесін жинау ерекшелігі; теміржолдағы жол-көлік апттарының түрлері; аппатты жағдайда жолшаушының өзін ұстау тәртібі; аппатты жағдайда жараланған жолаушыға алғашқы көмек көрсету. Көлікте және жолда жүру ережесі. Теміржол вокзалында бағдарлай білу; пойыздардың кестесін бағамдау, анықтама және басқа да қызметті пайдалану; билет сатып алу (тапсырыс беру); жүк және қол сөмкесін жинау; жүк сақтау қоймасын пайдалану. Қала бойынша бағыт. Жол жүру ережесі, көшеден дұрыс өту ережесі. Жол ақысын төлеу; мектепке бару (бағыт, көлік түрі), әртүрлі көлікпен бару. Ауысып отыру. Жаяу жүру бағыты;

б) отбасы. Отбасы құрамы. Жақын туыстарының есімдері (бауырларының, әпке-сіңлілерінің, ата-әжесінің); жақын туыстарын достар мен таныстарынан ажырату. Отбасылық қарым-қатынас. Әр отбасы мүшесінің атқаратын қызмет мен құқығы, отбасындағы кішісі мен қарт адамға қамқор көрсету.

22. 9-сыныпқа арналған «ӘТБ» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) денсаулық. Дене гигиенасы. Адам денсаулығы мен өмір салтының маңызы. Денсаулықты сақтау құралдары мен қоры. Өз бетімен дене, шаш күтімін орындап, гигиеналық талаптарды орындау; жасөспірімінің жеке гигиенасы. Жеке басының гигиенасына қажетті құралдарды таңдау. Дезодарант

түрлері: спрей, шарлы, қатты. Аяқ киімге ұлтарак, гигиеналық төсеніштер, душ қабылдауда гелдерді қолдану. Медициналық көмек. Тұмау ауруларының белгілері; алдын алу шаралары, санитарканың қызметі, емхананың қызмету; тұрмыстық жарақат алу себептері; жарақат алғандағы іс-әрекет ережесі: өзінің жайын, мәселесін айтып жеткізу. Тұрмыстық жарақат алудан сақтану;

2) киім, аяқ киім. Киім, аяқ киім, бас киім түрлері. Өз киімінің өлшемін білу; киімді сатып алғанда болатын ақаулар, киімінің өлшемін білу үшін өзінің, жолдасының денесін өлшеу; сатушының ұсынған кеңесін қабылдау немесе керісінше мәдениетті бас тарту; киімді таңдап, өлшеп көру және сатып алу. Киімге және аяқ киімге күтім жасау. Жүннен жіне синтетикадан жасалған киімгержі күту ерекшеліктері. Ұсақ дақтарды кетіру. Киімді және аяқ киімді маусымдық сақтау мерзіміне дайындау. Орамалға ілгіш тігу тәртібі; кір жуғыш машинасының құрылысы және қолдану тәртібі; кір жуғыш машинамен жұмыс жасауда қауіпсіздік ережесін сақтау; мақтадан жасалған киімді кір жуғыш машинада жуу, жұмыстан соң, жұмыс орнын жинау; төсек жабдықтарын үтіктеу тәртібі. Үтікпен жұмыс жасауда қауіпсіздік ережесін сақтау. Орамалға ілгіш тігу, қиғаш тігіс тігу ережесін сақтау;

3) тамақтану. Азық-түлік өнімі. Көкөністерді піскен және шикі түрінде білу. Түскі асқа дастархан әзірлеу реттілігі және ережесі; пышақты және шанышқыны, майлықты қолдана білу; дастархан басындағы тәртіп. Көкөніс, ет және балық өнімдерін алғашқы және өңдеу әдістері; рецептке сүйене отырып, тағамды даярлаудың реттілігін сақтау (мұғалімнің нұсқауымен және көрсетуімен); тағам дйындауда санитарлық-гигеналық және қауіпсіздік ережелерін сақтау; винегрет, көкөністі көже, балықты корсерванттардан уха, картоптан котлет, бұқтырылған орамжапырақ жасау; піскен және шикі көкөністерді сырт пошымына, түсіне қарап ажырату; көкөністерді тазалау, турау, қайнап тұрған сұйықтыққа дұрыс салу; көкөністерді қуыру және бұқтыру; кепкен жемістерден компот әзірлеу; тағам дйындауда санитарлық-гигеналық және қауіпсіздік ережелерін сақтау;

4) тұрғын үй. Уақытша тұру үй-жайының түрлері, бөлменің түріне қарай жиһаздарды орналастыру тәртібі; тоқыма өнімдері, жарық құралдары, бөлме және декоративті өсімдіктердім (функционалды-сауықтыру, эстетикалық) тұрғын үйді безендіруде қолдану, тірі гүлдерден және табиға құралдардан букет жасау ережесі. Бөлме гүлдеріне күтім жасау, кезекті жөндеуді дайындалу және жүргізу; қажетті құралдар мен саймандарды дайындау. Кафелді қабырғаны жуу. Кезеңімен әжетхана құралдарын жуу ережесі. Жуу құралдары, қауіпсіздік техникасын меңгеру. Ванна мен әжетхананы химиялық жуу құралдарын пайдалана отырып, ретілігін сақтап жуу, қауіпсіздік ережесін сақтау;

5) көлік. Көлік түрлері. Аэропорттың маңызы, оның негізгі қызметі. Әуежай жолаушыларына қызмет көрсететін адамдадрдың жұмысы. Ұшақтардың ұшу кестемінің маңызы; анықтама қызметі; әуе билеттерін алу ережесі (кассада сатып алу, телефонмен тапсырыс беру); жүк пен қол сөмкесін рәсімдеу; жүк сақтау қоймасын пайдалану, әуежайының және оның қызметінің маңызы,

көлікте және жолда жүру тәртібі, әуежай ғимаратында бағдарлай білу. Ұшақтардың ұшу кестесін бағдарлай білу, анықтама қызметін пайдалану, басқа әуежай қызметін пайдалану. Қала бойынша бағытты қозғалыс: өз бетімен мектепке келу, мектептен үйіне кету, базарға, мектепке, дүкенге, туыстарына, бассейнге бару бағытын құру (өз бетімен, үлкендердің көмегімен);

б) отбасы. Отбасы құрамы: әке-шешесі жағынан туыстарының қтынасын білу (анасының әпкесі- апайы). Отбасы қарым-қатынасы. Үй шаруасына белсенді араласу, отбасы мүшелеріне қамқорлық көрсету.

23. «ӘТБ» пәнінің мазмұны оқытудың бөлімдеріне қарай таралған. Бөлімдер кішігірім бөлімдерге бөлшектелген, ол оқытудың мақсаты сынып бойынша күтілетін нәтижелер түрінде болу: дағды мен білім, білім мен түсінік. Оқыту мақсаттары барлық кішігірім бөлімдерде көрсетілген, ол мұғалімдерге өз жұмысын жоспарлауға және балалардың нәтижесін бағалауға мүмкіндік береді, сонымен қатар келесі оқыту кезеңі жайлы ақпарат береді.

24. Оқыту пәннің мазмұны 6 бөлімді қамтиды:

- 1) 1-бөлім «Денсаулық»;
- 2) 2-бөлім «Киім, аяқ киім»;
- 3) 3-бөлім «Тамақтану»;
- 4) 4-бөлім «Тұрғын үй»;
- 5) 5-бөлім «Көлік»;
- 6) 6-бөлім «Отбасы».

25. «Денсаулық» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) дене гигиенасы;
- 2) медициналық көмек.

26. «Киім, аяқ киім» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) киім, аяқ киім, бас киім түрлері;
- 2) киімге, аяқ киімге күтім жасау.

27. «Тамақтану» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) азық-түлік өнімдері;
- 2) ас үй және асхана ыдысы, техника;
- 3) ас дайындау.

28. «Тұрғын үй» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) тұрғын үй түрлері;
- 2) жинастыру.

29. «Көлік» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) көлік құралдарының түрлері;
- 2) көлікте және жолда жүру тәртібі;
- 3) қала бойынша жүрудің бағыттары.

30. «Отбасы» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) отбасы құрамы;
- 2) отбасы қарым-қатынасы.

4 - тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

31. Бағдарламада оқу мақсаттарын қолдануға, мониторинг өткізуге тиімді болу үшін кодтық белгі енгізілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты білдіреді, екінші мен үшінші сандар Бағдарламаның бөлімі мен бөлімшелерін, төртінші сан оқу мақсатының нөмірін көрсетеді. Мысалы, 6.2.1.4 кодындағы: «6» – сынып, «2.1» – бөлімше, «4» – оқу мақсатының реттік саны.

32. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) «Денсаулық»:

1-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары				
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1.1 Дене гигиенасы	5.1.1.1 күн тәртібінің маңызын, дене мүшесінің аталуын білу; 5.1.1.2 өзбетімен, таңертеңгілік және кешкі жуыну кезеңдерін ретімен орындауды; тісті дұрыс тазалауды, тамақты шая білу	6.1.1.1 құлақ, қол, аяқ күтімі ережемсі; тырнақты алу кезеңін білу; 6.1.1.2 мұрын тазалау, беторамалды пайдалана; қолының, аяғының тырнағын алуды, құлағын жууды білу;	7.1.1.1 ереже: шашқа күтім жасау, шашты жуу, жеке тін гигиенасы, ішкіімдерді жуу, шаш күтіміне арналған құралдарды, кезеңімен ванна, душ қабылдай білу;	8.1.1.1 денсаулықты нығайту үшін дене шынықтыру мен спорттың маңызы; табиғи күштердің адам денсаулығына пайдасы (күн, ауа, су); біртіндеушілік пен жүйелілік қағидасын білу;	9.1.1.1 өзбетімен денесінің, шашының тазалығын қадағалап, қажетті гигиеналық рәсімдерді орындай білу;
1.2 Медициналық көмек			7.1.2.1 дәріхананың маңызын. жақын арадағы дәріхананың	8.1.2.1 емхананың маңызын, дәрігерге жазылу ретін білу; дәрігердің қабылдауын	9.1.2.1 тұмау ауруларының белгілерін: тұмау ауруларын ескерту; санитарканың қызметін

			<p>орналасуы н; дәрілерді алудың жолдарын білу; дәрізананы таба алады, дәріханаш ымен тілдесе білу;</p>	<p>а жазыла алады; үй дәрі қобдишасы ның құрамын (термометр, таңу құралдары, зарасызданд ыратын құралдар, термометрд і адам ыстығын тексеру үшін қолдана алады; жарақаттар ды зарарсыздан дыра алады; үйге кезекші дәрігерді, жедел жәрдемді шақыра алады. жасай біледі: - дәрігерді, «жедел жәрдемді» шақыруда телефонды; дәрігерді шақыруда өзі жайлы және ауруы жайлы мәләмет</p>	<p>білу; емхананың қызметін; тұрмыстық жарақаттың себепін. Жарақат алғандағы өзін ұстау тәртібін; жарақат алудан қаша біледі</p>
--	--	--	---	--	--

				бере алады	
--	--	--	--	------------	--

2) «Киім, аяқ киім»:

2 кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары				
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
2.1 Киім, аяқ киім, бас киім түрлері	5.2.1.1 киім, аяқ киім, бас киім түрлерін, олардың маусым бойынша маңызын білу; киімді сипатына қарай ажыратып, топтастыра алады; -өз киіміне ұқыпты қарайды	6.2.1.1 маусым бойынша киімді білу; маусымға байлынысты киім таңдауды; маусым арасында киімді шкафта сақтауға дайындауды біледі	7.2.1.1 аяқ киім түрін, олардың маңызын білу; - бас киімді күтіммен сақтау; бас киімдердің жағдайға, маусымға сәйкес бас киімді таңдай біледі	8.2.1.1 базарда және дүкенде аяқ киімді таңдау ерекшелігін : өз аяқ киімінің өлшемін; дүкенде және базарда сатып алуда аяқ киімде болатын ақауларды; тігісі сөгілген жерді тігу; үй жағдайында жүнне және синтетикадан тігілген киімдерді жуу ережесін; этикетканың шартты белгілерін; кеудешені, көйлекті, шалбарды үтіктеуді	9.2.1.1 өз киімінің өлшемін; сатып алуда киімде кездесетін ақауды білу; киім өлшемін білу үшін өзінен және жолдасынан өлшей алады; сатушының кеңесін қабылдауды немесе сыпайы бас тартуды біледі; киімді өлшеп көріп, таңдап, сатып алады

				білу;	
2.2 Киіміне, аяқ киіміне күтім жасау	5.2.2.1 шұлық өнімдеріне күтім жасау. Ұсақ заттарды сабынмен жуу шайқау ережесін; таза киім белгілерін білу; 5.2.2.2 жууда сабынды қолдануды ; ұнтақты суға көпіршіген ше араластыр уды; жуу барысында дұрыс тұруды біледі; қолмен жуу барысында әркеттің ретілігін; суды 2-3 рет ауыстыры п жууды; сығуды және сілкуді, кептіруді	6.2.2.1 аяқ киімді сәйкестенд іріп таңдауды, кремді түсіне қарай таңдап, былғары етікті тазалауды, резинадан және матадан тігілген аяқ киімге күтім жасауды, екі тесікті түймені тігуді білу;	7.2.2.1 резинадан және былғарыда н тігілген етіктерге күтім жасай білу; ақ және түсті мақтадан тігілген киімдерді сұрыптау, жуу, шайқау кептіру ережелерін білу. Үтікпен жұмыс жасауда қауіпсіздік ережелерін сақтауды; ақ және түсті киімді үтіктеу ережесін; мақтадан тігілген, ақ және түсті киімді жуу, шайқауды; пилоткала рды, орамалдар ды, алжапқыш	8.2.2.1 базарда және дүкенде өз өлшеміне сәйкес аяқ киім таңдауды білу; өз аяқ киімінің өлшемін жеңіл өлшеммен және есептеумен анықтауды, сатушының кеңесін қабылдауды немесе сыпайы бас тартуды; тиісті аяқ киімді таңдау және сатып алуды; сөгілген матаны тігуді картадағы нұсқау бойынша ретімен орындауды жүннен және синтетикада н тігілген киімдерді этикеткадағ	9.2.2.1 орамалға ілгішті тігу тәртібін білу; кір машинасын құрылысы, қолдану ережесін; қауіпсіздік, кір жуғыш машинамен жұмыс ережесін; төсек жабдықтары н үтіктеу тәртібін; үтікпен жұмыс істеуде қауіпсіздік ережесін; ілгішті орамалға тігуді; қиғаш тігісті ұқыпты және дұрыс тігуді; кір жуатын машинада мақтадан жасалған киімді жуу, жұмыс орнын жинауды біледі

	алдында жазуды біледі. Қыстырғыштарды қолдануды; жуудан кейін жұмыс орнын біледі		тарды шынтаққа птарды, беторамалдарды үтіктеуді, төрт тесігі бар түймені тігуді біледі	ы мәліметті ескере отырып жууды, киімді тиісінше үтіктеуді, киімдегі жырттықты тігуді, аяғы бар түймені тігуді біледі	
--	---	--	--	---	--

3) «Тамақтану»:

3-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары				
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
3.1 Азық-түлік өнімдері	5.3.1.1 азық-түлік тің денсаулыққа берер маңызын білу. Өсімдік жіне жануар өнімін біледі	6.3.1.1 денсаулықты сақтау үшін тамақтану тәртібін; балалар мекемесінде дұрыс тамақтануды біледі; адамдардың мамандығын; тез бұзылатын азық-түлік атауларын (ет, сүт, шұжық, балық, май) біледі;	7.3.1.1 жарма түрлері, сусымалы өнімдерді сақтау мерзімінің ұзақ сақталуына қарай сақтау тәртібін; көкөністерді қоймада жіне жертөледе сақтауды білу	8.3.1.1 балалар мен жасөспірімдердің тамақтануындағы сүттен жасалған тағамдардың маңызын; сүтті тағамдардың тоңазытқышта сақтау мерзімінің ережесіне сай дұрыс сақтауды; «геркулес» сүт ботқасын дайындау реттілігін; сүт түрлерін (құрғақ,	9.3.1.1 көкөністер, шикі және пімкен күйінде қолданылатын түрлерін білу

				концентратты, қайнатылған); ұнтақтан сүт дайындаудың реттілігін білу	
3.2 Ас үй және асхана ыдысы, техникасы	5.3.2.1 ас үй мен ас үй ыдыстары турал; ас үй ыдысының атауларын, жылыту құралдары мен және оны пайдалану ережесін білу. Тағам әзірлеуде қауіпсіздік ережесін сақтай білу. Тамақтану уақыты – таңғы, түсуі, кешкі ас. Кім және қайда ас дайындайды (мектепте, үйде). Ас		7.3.2.1 дайындалған мәзірге сәйкес кешкі асқа дастархан әзірлеуді игереді	8.3.2.1 дастархан әзірлеу және тамақтанғаннан кейін ыдыс жууды игереді	9.3.2.1 түскі асқа дастархан жаюдың ережесімен реттілігін, пышақ және шанышқыны қолдану ережесін білу; үстел басындағы тәртіпті білу; ас құралдарын, майлықты дұрыс және әдемі қолдануды; дастархан басында өзін ұстай білуді игереді

	<p>үйде тазалық пен ұқыптылықты сақтауды, ас үй құралдарын пайдалануды игереді. Мектеп асханасының дастарханын жасауды игереді</p>				
3.3 Ас дайындау	<p>5.3.3.1 ас дайындаудағы гигиеналық талаптар, піскен көкөністерден салат жасау, тез дайындалатын консерванттармен тағам дайындау білу</p>	<p>6.3.3.1 жұмыртқа мен шұжықты алғашқы және термо өңдеуден өткізуді; бутерброд түрлерімен, оларды дайындауды білу. Таңғы, түскі, кешкі тағам атауларын атау тағамға сай азық-түлікті</p>	<p>7.3.3.1 кешікі ас мәзірін; кортапты қабығымен пісіру ережесі, картопты тазалауды; кортоптан пюре жасау тәртібін; кортапты пюренің дайындау сапасына қойылатын талапты; макоронды өнімдерді алғашқы және термо өңдеу әдісін;</p>	<p>8.3.3.1 ас дайындауда санитарлы гигиеналық және қауіпсіздік шараларын сақтау тәртібін орындау, сонымен қатар кесекіш және шаншылатын құралдарды газ плитасымен жұмыс жасауды; ұнтақтан сүт дайындауды</p>	<p>9.3.3.1 көкөністі, еттен және балықтан жасалған өнімдерді алғашқы және термо өңдеуден өткізуді; рецептке сүйене отырып, ас дайындау реттілігін (немесе мұғалімнің көрсетуімен); ас дайындауда санитарлы-гигиеналық және</p>

		<p>таңдауды; шәй дастархан ын әзірлеу және дайындауд ы; жұмыртқа мен шұжықты дайындауд ы білу</p>	<p>кеспені пісіру тәртібін; жармалард ы алғашқы және термо өңдеуден өткізу әдісін білу; ас дайындауд а санитарлы- гигиеналық және қауіпсіздік шараларын сақтау тәртібін; картопты қабығымен пісіруді; картопты пюрені дайындау технология сын бұлжытпай орындауды ; макоронды өнімдерді пісіруді; қаракұмық ботқасын, тары ботқасын дайындауд ы; жасалған жұмысқа есеп беруді;</p>	<p>ы, сүтті пісіру және сүтке тағам дайындауд ы, «геркулес» ботқасын, сүттен жасалған ботқа, ірімшікті және сүзбеден дайындауд ы біледі</p>	<p>қауіпсіздік шараларын сақтау тәртібін орындауды білу; винегрет, көкөністен көже, балық көнсервісіне н уxo, картоптан котлет, бұқтырылға н орамжапыра қ дайындауды; сырқы сипатынан, түсінен шикі және піскен көкөністерді салыстыруд ы, көкөніс тазалау, тұрау, ыстық сұйықтыққа дұрыс салу тәртібін; көкөністерді қуыру, және бұқтыруды; кептірілген жемістерден компот жасауды; ас дайындауда санитарлы-г игиеналық және</p>
--	--	---	--	---	---

			дастархан басында өзін ұстай білуді игереді		қауіпсіздік шараларын сақтау тәртібін орындауды білу
--	--	--	---	--	--

4) «Тұрғын үй»:
4-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары				
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
4.1 Тұрғын үй түрлері	5.4.1.1 тұрғын үй түрлері: жатахана, пәтерлер, жеке үйлер. Пәтердегі тәртіп	6.4.1.1 тұрғын үй түрлерін, үй құрылысы мен айналысын адамдардың мамандықтарын білу; Қала мен ауылдағы тұрғын үй нысандарының ерекшеліктерін, пәтерді және үйде орналасқан бөлме атауларын білу; еден жуу реттілігін, оның екі түрлі әдісін (қолмен,	7.4.1.1 киіз үйдің құрылысының ерекшелігін (дөңгеленген, жеңіл жиналатын, жылы, көшуге ыңғайлы); жатын бөлменің маңызын, ондағы жиһазды білу	8.4.1.1 тұрмыстық заттарды, киімдерді және керекті құралдарды киіз үйде сақтау тәртібін; қонақ бөлменің маңызын; қонақ бөлмеде жиһазды орналастыру ерекшелігін білу;	9.4.1.1 уақытша тұру үйлерінің, пәтерде бөлменің қызметіне қарай жиһазды орналастыру тәртібін; тұрғын үйді безендіруде тоқыма құралдарын, жарық құралдарын, бөлме және декоративті өсімдіктерді пайдалануды (функционалды-емдеу, эстетикалық), табиғат материалдардан және тірі гүлдерден гүл

		<p>швабрамен); еден бөліктерін білу; (беті, ернеуі, табалдырық).</p> <p>Ернеуін, табалдырықты, бұрыштарды тазалау ерекшелігін білу.</p> <p>Жеке және көп пәтерлі үйлерді ажыратуды; адамдардың қаладағы, ауылдағы үйлерін ажыратуды; ауылды жердегі ауладағы құрылыстардың мәнісін түсіндіруді ; әр бөлмені сипаттауды игереді</p>			<p>шоғырын жасауды білу;</p>
4.2 Үй тазалау	5.4.2.1 күнделікті , кезеңмен,	6.4.2.1 қолмен және швабрамен	7.4.2.1 жатын бөлмені жинау	8.4.2.1 қонақ бөлме құрғақ немес	9.4.2.1 табиғи материалдардан және тірі

	<p>толық жинауды білу; жұмсақ, жылтыратылған жиһазды күтуді білу. Әртүрлі жерлерден шаңды сүртіп алу, гүлге су құюды игеру</p>	<p>еден жууды, швабраны шүперекпен аударуды, екі әдіспен жууды («ары-бері»), «алдыға-артқа»); ылғалды шүперекпен шаңды сүртіп алуды; тұрғын үйді күнделікті тазалауды; швабраны қолдуды игереді</p>	<p>тәртібін; төсек жабдықтарының ауыстыру тәртібін; төсек жабдықтарының кептіру, желдету, қағу мәнісін; тұрғын үйді толық тазалау тәртібін білу; жатын бөлмеде құрғақ және ылғалды тазалау әдісін; төсек жабдығын ауыстыруды (өз бетімен немесе мұғадім көмегімен); жастықты, көрпені, төсенішті қағуды (өз мүмкіншілігіне қарай); толық тазалауды қажетті реттілігімен жасауды</p>	<p>ылғалды әдіспен тазалауды; шаңсорғыштың құрылысын (мүмкіндігінен); шаңсорғышты қолдану тәртібін; тұрғын үйді маусымдық тазалау, қысқа дайындауды; терезеге күтім жасау, терезе жууда, жуатын құралдарды қолдануды; терезені жууда қауіпсіздік ережесін; терезені жылылау әдісін білу. Қонақ бөлме құрғақ немес ылғалды әдіспен тазалау, шаңсорғышты пайдалану: жұмысқа</p>	<p>гүлдерден гүл шоғырын жасауды; бөлме гүлдеріне күтім жасауды; кезекті жөндеу жүргізуді; қажетті жабдықтармен саймандарды таңдауды; тұрмыстық химияны падалану арқылы ванна және әжетхана бөлмесін тазалауды, қауіпсіздік ережесін сақтауды білу</p>
--	--	---	---	---	--

			игереді	дайындалу, еденді тазалау, шаңсорғыш пен батарей мен кілемді тазалауды; тұрғын үйді маусымымен тазалауды, пәтерді қысқа дайындауды; терезені жуу құралдарымен жууды, қауіпсіздік ережесін сақтауды игереді. Ескерту: білім алушылар 1 қабат терезесін ғана жуады	
--	--	--	---------	--	--

5) «Көлік»:
5 кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары				
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
5.1 Көлік құралдарының түрлері	5.5.1.1 жеке және қоғамдық көліктің маңызын білу; қоғамдық көлікте	6.5.1.1 арнайы көліктердің жұмыс жасау бағытын; полиция, дәрігер,	7.5.1.1 автовокзалдың маңызын; автовокзалдағы қала сыртына жүретін	8.5.1.1 вокзал мен оның негізгі қызметін; жолаушылар вагонының	9.5.1.1 аэропорт және оның негізгі қызметінің маңызын; әуе көлікпен жүретін

	<p>жолаушының жүру міндетін; көлікке отыру мен түсу ережелерін ; қоғамдық көлікте жұмыс жасайтын адамдар қызметін білу;</p>	<p>өрт сөндірушілердің қызметін білу;</p>	<p>бағыттардың негізгі қызметін; жолаушыларға қызмет ететін адамдардың еңбегін; автобустар жүру кестесін білу. Анықтама қызметін; автовокзал кассасына билет алу; қала аралық автокөліктердің негізгі қызметін; жүк қоймасы мен оның қызметін, қала сыртына және халықаралық автобустарға отырғызу тәртібін; жүк пен қол сөмкесін жинау ерекшелігі</p>	<p>түрлерін және тиісті билет бағасын; теміржол жолаушыларына қызмет ететін адамдар мамандықтары; пойыздың жүру кестесінің, анықтама қызметінің маңызын; теміржол билеттерін алу тәртібін (кассандан сатып алу, телефонмен тапсырыс беру); жүкті қоймаға өткізу немесе алу; жүк пен қол сөмкесін жинау ерекшелігін ; теміржол аппараттарының түрлерін; жолаушылардың аппаратты</p>	<p>жолаушыларға қызмет ететін адамдардың қызметін; ұшақтардың ұшу кестесінің, анықтама қызметінің маңызын; әуе билеттерін алу тәртібін (кассандан алу, телефонмен тапсырыс беруді; жүк және қол сөмкесін тіркеу тәртібін; жүк қоймасын пайдалану тәртібін білу</p>
--	---	---	--	--	--

			н біледі	жағдайлард ыға өзін ұстау тәртібін; аппатты жағдайда жапа шеккендерг е алғашқы көмек көрсетуді білу	
5.2 Көлікте және жолда жүру тәртібі	5.5.2.2 қоғамдық көлікте жүру тәртібін (отыру тәртібі, билет алу, көлік ішінде және сыртқа шығудағы тәртіп); трамвай мен автобусты айналып өтуді; жол жүру ережесін сақтауды игереді	6.5.2.2 жолдағы белгілерді ң мағынасын ; көліктен түскеннен соң, жолдан өту ережесін; көлікті айналып өту тәртібін (трамвай, троллейбу с, автобус); жолдағы аппаты жағдайдың болу себебін, аппатты жағдайдағ ы тәртіпті білу. Сырт сипатына қарап арнайы	7.5.2.2 автовокзал ғимаратын да бағдарлану ды; автобустар жүру кестесін бағдарлай білуді және автовокзал дың анықтама қызметтері н пайдалану ды; жүк және қол сөмкесін жинауды; жүк қоймасын пайдалану ды игереді	8.5.2.2 теміржол вокзалының ғимаратынд а бағдарлауд ы; пойыз жүру кестесінде бағдарлауд ы; вокзалдың анықтама қызметін пайдалануд ы; сатып алуды (немесе тапсырыс беру); жүк және қол сөмкесін жинауды; жүк қоймасын пайдалануд ы игереді	9.5.2.2 әуежай ғимаратынд а бағдарлауд ы; ұшақ кестесін бағдарлауд ы; әуежайдың анықтама қызметтерін пайдалануд ы игереді

		көліктерді ажыратуды; бағдар бойынша жолды шартты белгі көмегімен өтуді; көліктен шыққанда, көлікті айналып өтуді; авариялық жағдайда өзін ұстау тәртібін игереді			
5.3 Қала бойынша қозғалыс бағыты	5.5.3.1 үй мекен жайын білу	6.5.3.1 мектепке бару жолын білу (бағыт, көлік түрі)	7.5.3.1 мектепке бару жолын білу (бағыт, көлік түрі)	8.5.3.1 мектепке бару жолын білу (бағыт, көлік түрі)	9.5.3.1 өз бетімен мектепке келу, мектептен үйге қайта білу

б) «Отбасы»:
6-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары				
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
6.1 Отбасы құрамы	5.6.1.1 тегін, өз атын, жақын туыстарын білу	6.6.1.1 тегін, өз атын, жақын туыстары, туыстық жақындығын білу	7.6.1.1 тегін, өз атын, жақын туыстары, туыстық жақындығын, ағайындыларының есімдерін,	8.6.1.1 жақын туыстарын достарынан және таныстарын ажырата білу	9.6.1.1 ата-ана жағынан туыстарын білу (анасының әпкесі - апайы)

			туыстық дәрежесін білу		
6.2 Отбасы қарым-қатынасы	5.6.2.1 үлкендерге құрметпен қарай білу	6.6.2.1 үй шаруасын да көмек көрсету, отбасы мүшелерін ің еңбегін бағалай білу	7.6.2.1 үйде үнемі жасалатын міндетін атқару, отбасы мүшелерін е қамқорлық көрсете білу	8.6.2.1 кішілер мен үй үлкендеріне қамқор көрсете білу	9.6.2.1 үй шаруасына белсенді араласу, қамқорлық көрсете білу

33. Әр бөлімшеде білім алушылардың білу мен жасай білу дағдылары белгіленген. Аталған дағдының деңгейі білім алушының сабақтағы бағалау өлшемі болады.

34. Мақсатты жоспарлау білім алушылардың таным процесін басқаруға мүмкіндік береді, тақырыпты меңгергенін қадам-қадам бойынша қадағалап, оқу процесін жекешелендіреді.

35. Психофизикалық және ақыл-ой дамуының ерекшелігіне байланысты, ұзақ мерзімдік жоспарды мұғалім сынып білім алушыларының мүмкіндіктеріне қарай тоқсан бойынша өзі құрастырады.